


Тақырып: Әсемдік әлемінде



Құндылық: Сүйіспеншілік
Қасиеттер: Адамдарға риясыз
қызмет ету, жанашырлық,
шынайылық.



Сабақтың мақсаты: оқушыларға әсемдік, әдемілік туралы әңгімелей отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.

Білімділік: оқушыларға адамдарға риясыз қызмет етуге үйрету.

Дамытушылық: оқушылардың бойындағы жанашырлық қасиеттерін дамыту.

Тәрбиелік: оқушыларды шынайылыққа тәрбиелеу



Өзін - өзі тану пәнінің ережесі

5Т



T

- әртіп
- азалық
- алап
- ЫНЫШТЫҚ
- атулық





«Орманға серуен».

2. Үй тапсырмасын тексеру.

1. №32 – сабақ. Әдептілік, жақсылық туралы мақал – мәтелдер жазып келу.

2. Келесі сабақ. №33, «Менің ағатайым» әңгімесін оқып келу.

Сұрақтар:

1. Адамдар арасындағы сыйластықты қалай байқауға болады?

2. Әдептілік дегенді қалай түсінесіңдер?

3. Әдепті адам өзін қалай ұстайды?

4. Әңгімеден не түсіндіңдер?



Сабақтың дәйексөзі.

(Оқушыларға үш рет айтқызып, дәптерге жаздырту)

Мінез - жанның айнасы

Әбу Нәсір әл-Фараби

Әл-Фараби (870 – 950 ж. ш.) дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Әлемге 2 – ұстаз атанған.



Сұрақтар:

1. Мінез қалай жанның айнасы бола алады?
2. Мінез адамды көркейтеді деп ойлайсыздар ма?
3. Жақсы мінез қандай болады?
4. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?



Мұғалім сыйы



Шалва Амонашвилиден астарлы әңгіме.

Бала өсті. Айнаға жиі қарап және ашулы болғандықтан:
— Мен сұрықсызбын!

Атасы бұл сөздерді естігенде, немересіне былай деді:
— Сіздің сұлулығыңыз сіздің мейірімділігіңізде.

Бала атасына сеніп, жақсылық жасауға бастады – барлығына, барлық жерде. Ол сонша жақсылық жасауға асығып, өзінің ұсқынсыз екенін ұмытып кетті.

Уақыт өтті. Ол жас жігіт болды.

Бір күні, ол өзіне қарап тұрған екі әдемі қыздардың әңгімесін естіді:

— Қандай сүйкімді жігіт!

— Оның ішкі жан сұлулығы қандай жарық!

Жас жігіт өзінің атасын еске алды.

«Дана атам Сізге рахмет!», — деп ойлады.

Бұл әңгімеде атасы немересіне сұлулық келбетте емес, жүректе екенін түсіндірді. Әр адамның жүрегінің жібектей, жүрегі нұрға бөлеген деп те айтып жататыны рас. Сұлулық табиғатта бар, және де адамда жан сұлулығы мен тән сұлулығы деген бар ғой, соның ішінен жан сұлулығы маңыздырақ. Сұлулық жүректе де, келбетте де болады, бірақ бірінші ішкі жүрегіне мән берген дұрыс, содан соң сыртқы сұлулығына!

Сұрақтар:

1. Атасы немересіне қандай сөздер айтады?
2. Атасына сенген бала не істей бастайды?
3. Сендер қандай адамдарды «Сұлу» деп айта аласыңдар?
4. Әңгіме қай құндылық туралы айтылған?
5. Сүйіспеншілік дегеніміз не?
6. Сүйіспеншілікті басқа адамдарға қалай жеткізе аламыз?
7. Жүрегіміздегі сүйіспеншілік гүлінің ашуына не ықпал етеді?



Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Оқушылар 4 топқа бөлінеді.

1 – топ: «Сымбат»

2 – топ: «Сұлулық»

3 – топ: «Сезімталдық»

4 – топ: «Әсемдік»

Тапсырма: «Менің ойымдағы сұлулық»
тақырыбында сурет салу.





Топпен ән айту.

«Өкінбе сен»

I. Гүлсіз болмас дүние
күндіз болмас
Күнсіз болмас дүние
түнсіз болмас
Ғашықтық қуаныш
боп сезілгенмен
Махаббат ешқашанда
мұңсыз болмас

Қ-сы

Тірліктің талай
гүлі солғанменен
Тағдырдың талай
мұңы болғанменен

7. Үйге тапсырма.

1. №33 – сабақ. ««Әдепті бала – арлы бала» тақырыбында эссе жазу.

2. Келесі сабақ. №34, Қазыбек бидің Кім жақын? Не қымбат? Не қиын? деген үш сұраққа берген жауабын оқып, үйреніп келу.



Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою.

Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе
1.....2 [3]. Рахмет!

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.

